

А.Ж. ЖАРБОЛОВА

заң ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мемлекет және құқық теориясы

*мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының доценті
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, заң факультеті, Алматы қаласы*

ҚР ПАРЛАМЕНТІ ЗАҢ ШЫҒАРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЙБІР ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Аннотация

Жұмыстың мақсаты - ҚР Парламентінің заң шығару қызметінде кездесетін кейбір проблемаларды, сонымен қоса тиісті қызметті жетілдіру болашағын зерттеу болып табылады. Жұмысты жүргізу әдістері болып тарихи, салыстырмалы-құқықтық, талдау және синтез әдістері табылды. Жұмыстың нәтижесі мен қорытындылары болып Парламенттің заң шығару қызметін, заң шығару бастамасы құқығын жүзеге асырудың қазіргі жағдайын, заң шығару қызметін жүзеге асыруда Үкіметтің Парламентпен өзара қатынасын талдау табылады. Сонымен қатар автор Парламенттің заң шығару қызметінің конституциялық-құқықтық реттелуіне талдау жасап, Үкімет енгізген заң жобасының Парламент Мәжілісінде қабылданбауына байланысты Премьер-Министрдің Үкіметке сенім білдіру мәселесін қою құқығының мәнін ашқан. Депутаттардың заң шығару бастамасы құқығын жүзеге асыруына кері әсер ететін жағдайлар көрсетілген. Әрі АҚШ практикасымен салыстырмалы талдау жасалған. Автордың қол жеткізген нәтижелерді қолдану аясына – ҚР Парламентінің заң шығару қызметін реттейтін конституциялық-құқықтық заңнаманы жетілдіру табылады. Автор жасаған қорытындыларды заң шығару бастамасы институтын жетілдіру үшін, Парламенттің заң шығару қызметін жақсарту үшін, сондай-ақ заң факультеттерінде конституциялық-құқықтық циклдегі пәндерді оқыту процесінде қолдануға болады.

Тірек сөздер: Парламент, заң шығару қызметі, заң шығару бастамасы құқығы, депутат, заң жобасы, құқықтық реформа, Үкіметтің оң қорытындысы, балама заң жобасы, сенімсіздік білдіру

Ключевые слова: Парламент, законодательная деятельность, право законодательной инициативы, законопроект, правовая реформа, положительная заключения Правительства, вотум недоверия

Keywords: Parliament, legislative activity, right for legislative initiative, bill, legal reform, positive conclusions of Government, vote

Қазақстан мемлекеттілігін құрудың бастапқы кезеңінде терең жан-жақты реформаларды жүзеге асыру үшін республикадағы негізгі экономикалық және саяси қатынастарды түбегейлі өзгертетін, сапалық тұрғыдан жаңа нормативтік-құқықтық база қажет болды. Бұл тұрғыда біздің еліміздің ішкі мемлекеттік өмірінің тұрлаулылығы мен

мемлекетаралық қатынастарының дамуында республиканың жоғары өкілді заң шығарушы органы – ҚР Парламенті аса маңызды тұрақтандырушы рөл атқарады [1, 2б.]. Ол өзінің мұндай тұрақтандырушы рөлін басты қызметі – заң шығару арқылы жүзеге асырады. Осы тарихи міндетті іске асырудағы Парламенттің атқарған зор рөлін атап өтпеуге болмайды.

Расында да Парламент заң шығармашылығын жүзеге асыру арқылы түрлі әлеуметтік, саяси, экономикалық реформалардың жүргізілуіне негіз қалады, дер кезінде, қажетті заңдар шығару арқылы мемлекет пен қоғамды тиімді реформалаудың алғышарттарын жасады. Олай дейтін себебіміз, түбегейлі республикалық реформаларды іске асыру берік, жетік заңдылық базасын жасамай мүмкін емес. Реформалардың жүзеге асырылуы заң шығару процесінің тиімді тетіктерін орнықтырумен, заң шығару қызметін жетілдірумен, республикада заң шығармашылығының деңгейін ең бір жетік жоғары сатыға көтерумен байланысты. Олай болса, Республикада қалыптасқан саяси-қоғамдық, құқықтық жағдайлар мен мемлекет алдында тұрған міндеттер құқықтық, саяси, экономикалық және әлеуметтік реформаларды дер кезінде қажетті заңмен қамтамасыз етуге, заң шығармашылығының ең бір жетік және қолайлы тетіктерін жасауға, заң шығару қызметін, процесін жетілдіруге байланысты мәселелерді өз уақытында зерттеуді, теориялық тұрғыдан негіздеуді қажет етеді.

Өмірде парламентшілердің заң шығару қызметінде (заң шығару бастамашылығы сатысын қоса алғанда) проблемалық жағдайлардың кездесіп тұратын кездері бар. Олардың бірі – депутаттардың заң шығару бастамашылығы құқығын жүзеге асыруына байланысты. Қазақстан Республикасында заң шығару бастамашылығы құқығын Республика Президенті, Парламент депутаттары, Республика Үкіметі иеленеді. Осы аталған субъектілердің тиісті құқықты жүзеге асыру мәселесіне келсек, тәжірибе көрсетіп отырғандай, санының көптігіне қарамастан Парламент депутаттары заң жобасын енгізушілердің ішіндегі тиісті құқықты ең аз пайдаланатын субъект болып табылады. Нақты айтсақ, заң шығару бастамашылығы құқығы субъектісі ретінде Парламент депутаттары өздерінің заң жобасын енгізу мүмкіндігін жиі пайдаланбайды. Оны жылдарға шағып қарастырсақ, өткен жылдар ішінде Парламент (I-IV сайланымда) 1762 заң қабылдаған, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасы бойынша - 6, Қазақстан Республикасы Үкіметінің бастамасы бойынша - 1648 және Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының бастамасы бойынша 108 заң [2, 22 б.]. Төрт сайланым ішінде Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының бастамасы бойынша қабылданған заңдардың үлесі қабылданған заңдардың жалпы санына шаққанда 6,1%-дан аспайды.

Заң шығару бастамашылығы құқығының келесі субъектісі – Республика Үкіметі биліктің атқарушы тармағының жүйесін басқаратын орган ретінде заң шығару процесіне қатысу үлесі бойынша негізгі орынға ие. Осы фактіні ескере отырып кезінде З. Федотованың «биліктің атқарушы органы заң шығару бастамасының негізгі көзіне айналды. Бұл оған «өзінің» жобаларын немесе өзі мақұлдайтын заңнамалық актілерді Парламент арқылы өткізуге мүмкіндік береді. Үкімет жоғары деңгейдегі сапалы заң жобаларын әзірлеу үшін қажетті барлық мүмкіндіктерге ие болғандықтан, бұлай болуы орынды» деген пікірімен келісуге болады [3, 23 б.].

Республика заңнамасына сәйкес заң шығару бастамасы ретінде тиісті субъектілердің Парламент қарауға міндетті заң жобасының және Парламенттің өзге заң актісінің мәтінін

ресми енгізуі ұғынылатындықтан заң актісінің мәтінін дайындау, жасау Парламент қабырғасынан бөлек, тыс жүзеге асырылады. Заң жобасын Мәжіліске енгізуші субъектілер Президент, Парламент депутаттары және Үкімет қана болғанымен, оны жасаушылар қатарында өзге де тұлғалар болуы мүмкін. Конституцияның заң шығару бастамашылығы құқығы субъектілері ретінде осы 3 субъектіні ғана бекітуі Қазақстанның өзге мүшелері бұл процестен аластатылған немесе қол үзген деген қорытынды жасауға негіз болмайды. Аталмыш заң шығару бастамашылығы құқығы субъектілері заң жобасын енгізеді, ал оны әзірлеу жөнінде ұсыныс немесе заңның бастамашылық жобалары мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар мен жеке адамдардан туындалуы мүмкін. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» заңды зерделеу заң жобасын әзірлеудің бірнеше мүмкін жолын көрсетеді:

- Парламент депутаттарының әзірлеуі
- мемлекеттік органдардың әзірлеуі
- шарттық негізде әзірлеу (оның ішінде конкурстық негізде)
- келісім бойынша ұйымдардың және азаматтардың әзірлеуі |4, 13 бап|.

Тиісті заңның 14 бабына сәйкес заң жобасын әзірлеуші уәкілетті орган жобаны дайындау жөніндегі жұмыс тобын құрады немесе оны дайындауды жұмыс тобының міндетін атқаратын өзінің бөлімшелерінің біріне тапсырады. Ол жұмысқа жобаны дайындайтын органның заң бөлімшесі қызметкерлерінің міндетті қатысуы талап етіледі. Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының заң шығару бастамашылығы тәртібімен дайындалатын заңдар жобаларының әзілеушілері Парламент депутаттарының өздері болып табылады. Ал, Үкімет заң жобасын дайындауды өзіне бағынысты мемлекеттік органдар мен ұйымдарға тапсыра алады немесе оны дайындауды шарттық негізде мамандарға, ғылыми мекемелерге, жеке ғалымдарға немесе олардың ұжымдарына, соның ішінде шетелдіктерге тапсырыс бере алады. Сондай-ақ, Үкімет балама заң жобаларын дайындауды жүзеге асыруы мүмкін. Бұл жағдайда ол балама жобалар дайындауды бірнеше мемлекеттік органдар мен ұйымдарға тапсыруға немесе олардың дайындалуын шартты негізде, оның ішінде конкурс бойынша бірнеше ғылыми ұйымдарға немесе ғалымдарға тапсыруға құқылы. Аталған жағдайлардан байқайтынымыз Парламент депутаттары заң жобасын әзірлеуді тек өздері ғана жүзеге асырады. Олар белгілі бір тұлғаларға өтініш жасауы мүмкін, бірақ міндеттей алмайды. Ал, келесі жағдайда, Үкімет заң жобасының мәтінін Мәжіліске енгізеді, ал оны әзірлеуді көптеген тұлғалар (мемлекеттік органдар мен ұйымдар, шарттық негізде, конкурстық негізде өзге де тұлғалар) атқарады. Міне, дәл осы жағдайлар депутаттардың заң шығару бастамашылығы құқығын жиі қолданбауының себептерінің бірі болып табылатындығын көрсетеді.

Депутаттардың тиісті құқықты жүзеге асыруына қарсы келетін келесі кері қадам - заң жобаларын енгізуде Үкіметтің оң қорытындысын алуы. Үкіметтің оң қорытындысын алмаса, депутаттардың заң шығару бастамашылығы құқығы да жүзеге аспайды. Депутаттар, әрине барлық заң жобалары бойынша Үкіметтің оң қорытындысын алуы тиіс емес. Оң қорытынды мемлекеттік кірісті қысқартатын немесе мемлекеттік шығысты ұлғайтатын заң жобалары үшін міндетті. Алайда, қазір қандай қатынастың болмасын құқықтық реттелуі көп жағдайда қаражаттың шығынымен байланысты болғандықтан, депутаттардың заң шығару бастамашылығы құқығын көбіне өзі дербес жүзеге асыра

алмайды. Депутаттардың мемлекеттік кірісті қысқартатын немесе мемлекеттік шығысты ұлғайтатын заң жобаларына Үкіметтің оң қорытындысын алуы практикасына көз салсақ, I - IV сайланымда депутаттар әзірлеген заң жобаларына Қазақстан Республикасының Үкіметі жалпы саны 257 қорытынды берген. Оның ішінде оң қорытынды - 108, теріс қорытынды - 149, оның ішінде «шығысты» талап етеді деп берген қорытынды - 60. Байқап отырғанымыздай Парламент депутаттарының әзірлеген заң жобаларының 60 пайызға жуығы Үкіметтің оң қорытындысын ала алмауы себепті Мәжіліске енгізілмей қалған. Біздіңше мұның теріс салдары болуы мүмкін, нақты айтсақ мұндай жағдай депутаттардың белсенділігіне кері әсерін тигізеді. Республика Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Парламент мәжілісіне енгізілген заңнамалық актілердің жобалары үшін мұндай қорытындының болуы талап етілмейді.

Заң жобаларының көп болуы, тіпті оның балама жобаларының әзірленуі белгілі бір қатынасқа қатысты ой-пікірлердің алуандығының арқасында қажетті, ең бір дұрыс шешімді таңдап алуға, сөйтіп сындарлы, сапалы заң жобасының дайындалып Мәжіліске енгізілуіне жағдай тудырады. Заң жобасын дайындау жолдарының көптігі тиісті жұмысқа зор тәжірибесі мен дағдысы, қажетті білімі бар мамандардың қатысуына біраз мүмкіндіктер тудырады. Бірақ, біздің қазіргі жағдайымызда заң жобасын әзірлеуші уәкілетті органдар жобаны дайындау жөніндегі жұмысқа білікті мамандарды емес тиісті салада тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз жас мамандарды тартып жатқан жайлары бар. Өмірлік үлкен тәжірибелері бар ғалымдар, әсіресе заңгерлер бұл істен тыс қалып қоюда. Ал, ондай, піскен адамдардың заң жобаларын жасау ісіне қатыстырылуы оң нәтиже береді, сондықтан да ол біраз шетел мемлекеттерінде біраз уақыттан бері қолданым табуда. Осы орайда белгілі профессор С.А.Табановтың келтірген АҚШ практикасында қолданылатын мына бір институтқа тоқталып кетсек дейміз: «Америка Құрама Штаттарында көптеген заң шығарушы органдар арнайы түрде кәсіби заң жасаушылардың тұтас санын жалдайды. Бұған Калифорния штатының заңдылық жөніндегі Кеңесі өте тамаша мысал болып табылады. Бұл орган 1913 жылы арнаулы қаулыға сәйкес заң жобаларын, резолюциялар мен өзге де заңдылық шараларын жасауда заң шығару органының мүшелеріне көмек көрсету үшін құрылған. Осы міндетті жүзеге асыру үшін заңдылық жөніндегі Кеңес 70 адам шамасында заңгерлер және олар үшін көмекшілер іріктейді. Заңдылық жөніндегі Кеңес пәні бойынша бөлінген. Мысалы: қылмыстық және қылмыстық істер жүргізу құқығы саласында жұмыс әртүрлі қылмыстар мен жазаларға арналған. Кеңеске белгілі бір заңды құрастыруға сауал немесе мәлімдеме (заявка) түскенде ғана заң жобасы пайда болады. Мұндай сауал нақты адамнан жазбаша түрде келіп түсуі немесе телефон бойынша қабылданылуы мүмкін...» [5, С.98-99].

Республикамыздың Парламентінің қолында заң жобасы жұмысын ұйымдастыратын, заң жобасын дайындайтын мұндай орган болмағанымен, Үкіметтің заң шығару бастамашылығы құқығын жүзеге асыруды жеңілдету, жеделдету, заң жобасы қызметін жетілдіру үшін Үкімет жанынан консультативтік-кеңесші орган – заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылған. Бұл органның қызметінің басты мақсаты Қазақстан Республикасы Үкіметінің және уәкілетті мемлекеттік органының заң жобалау қызметін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды жасау болып табылады.

Кезінде Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасары С.Дьяченко заң шығару процесінде кездесетін проблемалардың аз емес екендігін көрсеткен еді. «Заң шығару үрдісінің тиімділігін төмендетуге айтарлықтай ықпал етіп отырған жәйттардың бірі заң шығару саясатының әлсіз жоспарлануы, сонымен қатар, белгілі бір реттеу саласында қандай да бір жаңа заңдар немесе заңдар топтамасының қажеттігін негіздейтін бастапқы ақпараттың жетіспеушілігі дер едім. Мұның өзі заң шығару саясатын айқындайтын субъектілер мен заң әзірлеушілер арасындағы өзара қарым-қатынас деңгейінің жетіспеушілігінен туындайды. Талдау жұмысының нашар жүргізілуі, заңды іске асыру барысында туындайтын проблемаларды көре білмеу, орынсыз асығыстықпен қабылданған заңдар, түптеп келгенде, қоғамның саяси, құқықтық, әлеуметтік және экономикалық қажеттіліктерін тиісінше қанағаттандыра алмайды. Заң жобасымен жұмыста осы кемшіліктер депутаттар тарапынан байқалып жатса, жақсы әрине, ондай жағдай жиі кездеседі. Ондайда, заң жобасы талқылауға қабылданбайды, не болмаса пысықтауға жіберіледі. Бірақ, іс жүзінде бұл үнемі орындала бермейді» [6]. Оған қоса заң жобаларын мемлекеттік тілде әзірлеуге көшу мәселесі де қиын.

Осы аталған, негізінен заң шығару бастамашылығы сатысында кездесетін проблемаларды шешу үшін, қалыптасқан жағдайды түзету үшін кезінде Парламент Мәжілісі төрағасының орынбасары келесідей амалдар ұсынған болатын:

1) заң жобаларын жоспарлауды жаңа саяси, құқықтық және ұйымдастырушылық деңгейге қоятындай шаралар кешенін қабылдау қажет. Олар негізінен құқықтық реттеудің бүкіл аясын терең ғылыми зерттеуді ұйымдастыруға, оның қажеттіліктеріне, сонымен қатар бар құқықтық норманың іс жүзінде жүзеге асырылуына қатысты. Ол үшін:

2) тиісті азаматтық институттар мен халықаралық ұйымдардың көмегін кеңінен пайдалана отырып, тәуелсіз және ведомстволық, ғылыми-зерттеу құрылымдарын құру қажет;

3) арнайы ғылыми және тәуелсіз сараптаманы, ең алдымен заңдардың экономикалық және құқықтық сараптамасын айтарлықтай күшейту керек;

4) заңдарды әзірлеу, талқылау және қабылдау процесіне, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың тиімділігін зерделеуге белсене қатысуға құқық қорғау органдарының өздеріне мүмкіндік беретін тетіктерді жасау қажет... [6].

Парламенттің заң шығару қызметінде кездесетін келесі бір проблемалық жәйт – Үкіметтің Парламенттің заң шығару қызметіне жасайтын ықпалы. Ашып айтсақ, 1995 жылғы Конституция Республиканың заң шығару қызметіне үлкен жаңалық енгізді, басқаша айтқанда, Парламенттің заң шығару қызметіне ықпал етудің маңызды бір механизмін қалыптастырды. Яғни, бұл Конституциямен Парламенттің заң шығару қызметіне Республика Үкіметінің (Премьер-Министр арқылы) қатысуының негізі жасалды. Аталмыш Конституцияға сәйкес Парламент (Мәжіліс) заң шығару бастамасымен Үкімет енгізген заң жобасын қабылдамаған жағдайда Премьер-Министр палаталардың бірлескен отырысында Үкіметке сенім білдіру туралы мәселе қоюға құқылы болды. Бұл мәселе бойынша заңнамада «дауыс беру сенім туралы мәселе қойылған сәттен бастап қырық сегіз сағаттан ерте өткізілмейді. Егер сенімсіздік білдіру туралы ұсыныс Палаталардың әрқайсысының депутаттары жалпы санының көпшілік даусын ала алмаса, заң жобасы дауысқа салынбай қабылданды деп есептеледі» деп бекітілді. Байқап отырғанымыздай, Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіре алмауы Үкімет енгізген заң жобасының тіптен үтір-нүктесіне дейін өзгертілместен, енгізілген редакциясында заң болып қабылданатындығын көрсетеді. Республика Конституциясына енгізілген 2007

жылғы 21 мамырдағы өзгертулер мен толықтыруларға дейін Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіруі Президенттің Парламентті не Үкіметті таратуының негіздерінің бірі болып табылатындығы реттелген еді. Бүгінде Президенттің Парламентті тарату құқығы сақталғанымен, тарату жағдайлары нақты қарастырылмаған. Бұл жағдай Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіруі (заң жобасын қабылдамауға байланысты) Президенттің оны (Парламентті) таратуы үшін негізі болып табылмайтындығын білдірмейді. Олай болса, Премьер-Министрдің аталмыш құқықты, яғни сенім білдіру мәселесін қою құқығын пайдалану арқылы Парламенттен тиісті заң жобасын өткізуін оның (Үкіметтің) Парламенттің заң шығару қызметіне, сол арқылы республика халқының еркінің заңдастырылуына араласуының ең ықпалды көрінісі ретінде бағалауға болады. Мұнда Парламенттің емес, Үкіметтің заң шығаруын көруге болады. Себебі, Парламенттің Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіре алмауы, атап кеткеніміздей, Үкіметтің енгізген заң жобасының мәтінінің алғашқы қалпында, ешбір өзгеріссіз, толықтыруларсыз заңға айналатындығын көрсетеді. Үкіметтің енгізген заң жобасының Парламентте қабылданбауына байланысты Премьер-Министрдің тиісті құқығын пайдалана отырып заң жобасын қабылдаттыруы тиімді деп айта алмаймыз. Себебі депутат сайлаушыларынан, халықтан заң шығаруға, оның еркін білдіруге өкілдік алған тұлға. Ал Үкімет болса Парламент қабылдаған заңдарды атқарушы субъект әрі ол халықтың өкілі емес, сонымен қоса ол қандай да бір заңның қабылданылуына мүдделі болуы мүмкін. Оны тиісті институттың қолданылуының күні кешегі практикасынан байқауға болады. Конституцияға сәйкес Үкімет бұл құқықты жылына екі реттен артық пайдалана алмайды.

ҚР Парламентінің заң шығармашылығы арқылы елде түбегейлі әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалардың табысты жүргізілуі мүмкін. Парламенттің заң шығару қызметі - бұл құқық нормаларын жасау арқылы халықтың еркін заңға айналдыратын шығармашылық интеллектуалдық қызмет. Осы қызмет арқылы халықтың еркі жоғары заңи күшке ие болады және құқық субъектілері арасындағы негізгі және жалғаспалы қоғамдық қатынастарды реттеу үшін бағытталған жалпыға міндетті мінез-құлық ережесіне айналады. Заң шығару қызметі арқылы құқық нормалары қабылдана және өздерінің заңды күшіне кірісе отырып, күнделікті қалыптасқан шынайы өмірді жаңа құқықтық қатынастар жүйесі арқылы өзгертеді.

Заң шығармашылығының жемісі - заңдардың сапалы, тиімді, қоғам өмірінде беделді болуы заң ғылымынан заң шығару қызметін әркезде де жетілдіріп отыруды, оның дәрежесін көтеретін түрлі жағдайларды танып, табуды және заңдар шығару қызметін халықаралық деңгейге сәйкестендіруді талап етеді. Бәрінен бұрын қазіргі уақытта заңдардың сапалы болуы үшін қойылатын талап - Республикамыздың заң шығармашылығы қызметі мәселелерін толық реттеу, кездесетін кемістіктер мен кемшіліктерді жою, олқылықтардың орнын толтыру болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы Республикамыздың заң шығармашылығының басты, негізгі қатынастарын реттеп, белгілейтін іргетас болып табылғанымен, бүгінгі күнгі заң шығару практикасы толық көлемде қазіргі заман ағымы ұсынып отырған талаптар мен өркениет өлшемдеріне сай келе бермейтіні ешкімге құпия сыр емес.

1 *Бижанов А.* Парламентаризм және мемлекеттің тұрақтылығы // Егемен Қазақстан. 30 наурыз 2007 жыл.

2 Тәуелсіз Қазақстан Парламентінің Мәжілісі. Астана: 2011. – 272 б.

3 Парламент и законодательная власть Казахстана. Отв. ред. *Таранов А.А.* Алматы: Жеті жарғы, 1995. 256 с.

4 «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 ж. 24 наурыздағы № 213-1 Қазақстан Республикасының Заңы (2012.10.07. берілген [өзгерістер мен толықтырулармен](#)) // **Источник: ИС ПАРАГРАФ, 23.05.2013**

5 *С.А.Табанов.* Совершенствование законодательства: теория и опыт Республики Казахстан. Алматы: Жеті Жарғы, 1999. 288 с.

6 *С.Дьяченко.* Тиімді заңдар – тұрақтылық пен өркендеу кепілі // Егемен Қазақстан. 1 қазан 2005 жыл

REFERENCES

1 Bizhanov A. Parlamentarizm zhane memlekettin turactylygy. *Egemen Kazakhstan. 30 nauryz 2007 zhyl* (in Kaz.)

2 *Tauelsyz Kazakhstan Parlamentinin Mazhylysi. Astana, 2011, 272* (in Kaz.)

3 *Parliament i zakonodatelnaya vlast Kazakhstana. Otv. red. Taranov A.A. Almaty: Zheti zhargy, 1995, 256* (in Russ.)

4 «Normativtic kukuktyk actiler turaly» 1998 zh. 24 nauryzdagy № 213-1 KR zany (2012.10.07. berilgen [ozgerister men tolycturularmen](#)) ***Istochnic: IS PARAGRAF, 23.05.2013*** (in Kaz.)

5 *S.A.Tabanov. Sovershenstvovanie zakonodatelstva: teoria I opyt Respublici Kazakhstan. Almaty: Zheti zhargy, 1999, 288* (in Russ.)

6 *S.Dyachenko. Tyimdi zandar – turactylyg pen orcendeu cepili. Egemen Kazakhstan. 1 kazan 2005 zhyl* (in Kaz.)

Резюме

Статья посвящена исследованию некоторых проблем, имеющих место в законодательной деятельности Парламента РК, а также перспективы развития последней. Автор в статье раскрыл значение законодательной деятельности Парламента, провел анализ современного состояния осуществления права законодательной инициативы, взаимосвязи Правительства с Парламентом в осуществлении законодательной деятельности. Также автором проведен анализ конституционного-правового закрепления законодательной деятельности Парламента. Раскрывается суть права Премьер-Министра ставить вопрос о выражении доверия Правительству РК. Отмечены факторы,

отрицательно влияющие на осуществления депутатами права законодательной инициативы. Сделан сравнительный анализ с практикой США.

Summary

The article is devoted to research of some problems, taking place in legislative activity of Parliament of the Republic of Kazakhstan, and also prospects of development . The author exposed the value of legislative activity of Parliament, conducted analyze of the modern state of realization of right for legislative initiative, intercommunications of Government with Parliament in realization of legislative activity. The author also conducted analyze of the constitutional-legal fixing legislative activity of Parliament. The essence of right of Prime-Minister to put a question about expression of trust to Government of Kazakhstan is considered. Factors, which negatively influenced on realizations the deputies of right for legislative initiative are marked. A comparative analysis is done with practice of the USA.

АННОТАЦИЯ

Целью работы является исследование некоторых проблем, имеющих место в законодательной деятельности Парламента РК, а также перспективы развития последней. Методами проведения работы явились исторический, сравнительно-правовой, метод анализа и синтеза. Выводами и результатами работы явились: анализ законодательной деятельности Парламента, современного состояния осуществления права законодательной инициативы, взаимосвязи Правительства с Парламентом в осуществлении законодательной деятельности. Также автором проведен анализ конституционно-правового закрепления законодательной деятельности Парламента, раскрывается суть права Премьер-Министра ставить вопрос о выражении доверия Правительству РК в случае непринятия законопроекта Правительства Мажилисом Парламента. Отмечены факторы, отрицательно влияющие на осуществления депутатами права законодательной инициативы. Сделан сравнительный анализ с практикой США.

Областью применения результатов, полученных автором, является совершенствование конституционно-правового законодательства, регулирующего законодательный процесс Парламента РК. Выводы автора могут быть использованы для совершенствования института законодательной инициативы, для улучшения законодательной работы Парламента, а также в процессе преподавания на юридических факультетах дисциплин конституционно-правового цикла.

ANNOTATION

The aim of work is research of some problems, taking place in legislative activity of Parliament RK, and also prospects of development last. The methods of realization of work were historical, comparatively-legal, method of analysis and synthesis. Conclusions and job performances it was been: analysis of legislative activity of Parliament, modern state of realization of right for legislative initiative, intercommunications of Government with Parliament in realization of legislative activity. Also an author is conduct the analysis of the constitutional-legal fixing legislative activity Parliament, essence of right for prime Minister to put a question about expression of trust to Government RK in case of non-acceptance of bill of Government Mazhylys Parliament opens up. Factors negatively influencing on realizations the deputies of right for legislative initiative are marked. A comparative analysis is done with practice of the USA.

A field, where an application of the results got by author could be used, is perfection of constitutionally-legal legislation, regulative a legislative process Parliament of RK. The conclusions of author can be used for perfection of institute of legislative initiative, for the improvement of legislative work of Parliament, and also in the process of teaching on the faculties of law of disciplines of constitutionally-legal cycle.